

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 62 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 607 - қосымша

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың дүние танымын кеңейту, қазіргі заманғы қоғамға кедергісіз кіріктіруге негіз болатын ағылшын тіліне сауаттылығын көтеру арқылы әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) шетелдік тілде сөйлейтін/жазатын адамдармен өзара түсіністікке жетуге мүмкіндік беретін қатынас құралы ретіндегі шетел тілі туралы түсініктерді қалыптастыру;

2) кіші мектеп білім алушыларының лингвистикалық ой-өрісін кеңейту; шетел тілінде қарапайым деңгейде ауызша және жазбаша тілді меңгеру үшін қажетті және кіші мектеп білім алушыларына қолжетімді қарапайым лингвистикалық түсініктерді игеру;

3) кіші мектеп білім алушыларының бұдан әрі психологиялық кедергіні еңсеру және шетел тілін қатынас құралы ретінде пайдалануы үшін әлемнің жаңа тіліне коммуникативтік-психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) тіл материалын игеру барысында модельденетін қатынас жағдайларына, рөлдік ойындарға қатысу процесінде назарды, ойлауды, есте сақиау мен қиялды дамыту;

2) шетел тілін пайдаланумен дидактикалық ойын процесінде білім алушылардың жеке қасиеттерін, эмоционалдық саласын дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Ағылшын тілі» пәнін оқыту кезінде пайдаланылады:

1) тұлғалық-бағдарланған тәсіл: шетел тілін меңгеруде әрбір білім алушының ерекшеліктері ескеріледі;

2) жүйелік-қызметтік тәсіл: өмірдің түрлі жағдайларында шетел тілінде тілдік қатынасты жоспарлай және жүзеге асыра білуді қалыптастыруды білдіреді;

3) сараланған тәсіл: көп деңгейлі тәсіл, білім алушылардың түрлі топтары үшін мүмкіндіктеріне сәйкес ағылшын тілін меңгеру үшін жағдай жасалады;

4) коммуникативтік тәсіл: тілдік кедергіні еңсеру, шетел тілінде сөйлеу қорқынышынан арылу және мұнымен бір уақытта барлық тілдік дағдыларды дамыту: ауызша және жазбаша тілден бастап оқу және тыңдалымға (түсінуге) дейін.

6. Оқытудың аса тиімді әдістері:

1) көрнекі-практикалық әдіс: сөздердің жазуды көрсету, тілдік жағдайларда тану және еске сақтау, жаттығу;

2) сюжеттік-рөлдік ойындар, әңгімелесулер (сұхбат-сұрастыруда, әрекетке қозғау салу сұхбаттарында білім алушылар өзара әрекет етеді);

3) қайта жасалымды әдіс (эталон/үлгі бойынша жұмыс);

4) тілдік жағдайды модельдеу;

5) тұтас сөздермен ғаламдық оқу әдісі, екі тілді сөздікпен, тілдескішпен сөйлесу.

7. Ойындарды пайдалану білім алушылар үшін көп функционалды болып табылады. Олар танымдық процестерді белсенді етеді, қабілеттерін дамытады, білім алушыларды өмірлік жағдайлармен таныстырады, оларды ережелер бойынша әрекет етуге үйретеді, білімге құмарлығын дамытады және түзетеді; білімі мен дағдыларын пысықтайды.

8. Оқытуда танымдық қызмет сипатына қарай мынадай ойындық әдістер ерекшеленеді:

1) танымдық (дидактикалық) ойындар: тілдік дағдылар мен білімдерді құрастыру сатысында сөйлеуді түзеуге ықпал етеді;

2) орфографикалық ойындар: тіл мен сөйлесу дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді, олардың негізгі мақсаты – зерделенетін орфографикалық лексиканы дамыту;

3) «шығармашылық ойын» - тілдік дағдыларды әрі қарай дамытуға ықпал етеді.

9. Вербалдық әдістер оқытудың барлық сатыларында пайдаланылады: жаңа материалды игеруге дайындық кезінде, оны түсіндіру, игеру, қорытындылау және қолдану процесінде. Ағылшын тілінде әңгіме, түсіндіру, әңгімелесу сияқты әдістер маңызды рөл атқарады:

1) әңгіме – педагогтың оқу материалын бейнелі, әсерлі, ашық монологпен мазмұндауы;

2) түсіндіру – күрделі мәселелерді бірізділікпен, логикалық, анық және түсінікті мазмұндау. Түсіндіру білім алушылардың қатысуымен, суреттеумен үйлестікте өз бақылауларымен сүйемелденеді;

3) әңгімелесу-сұхбат: мұғалімнің сұрақтары мен жауаптары.

10. Ағылшын тілін оқыту кезінде бастапқы сатыда аудиожазба жасау өте маңызды. Бұл білім алушыларға түпнұсқа ағылшын тілін естуге мүмкіндік береді. Аудиожазба тіл үлгісі болады.

11. Жұмыста сөздік әдістерді пайдалану кезінде танымдық қызметті белсендіруге мүмкіндік беретін оңтайлы жағдай жасалады. Білім алушылардың қабылдауының мақсаттылығын және назар аудару тұрақтылығын қамтамасыз ету, оқуды талқылай білуді қалыптастыру.

12. Жылдам шаршауды болдырмау үшін білім алушыны қызметтің бір түрінен екіншісіне аудару, сабақтар түрін түрлендіру орынды.

13. Қойылатын тапсырмаларды бірте-бірте күрделендіру және білім алушыларды қиындықтардың жаңа деңгейіне бірте-бірте аудару сақталады.

14. Ағылшын тілін үйрену процесінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары пайдаланылады:

1) проблемалық білім беру технологиясы оқу қызметінде проблемалық жағдайлар жасау және оларды шешу бойынша білім алушылардың белсенді дербес қызметін ұйымдастыруды қарастырады;

2) біріктірілген оқыту технологиясы сабақ ішінде жұмыстың әр алуан түрін пайдалануды білдіреді;

3) денсаулық сақтау технологиялары білім алушыға түсетін жүктемені төмендету үшін жұмыстың алуан тәсілдерін, нысандарын және әдістерін қарастырады;

4) ақпараттық технологиялар компьютерді қажетті ақпаратты іздеу, жобаларды, есептерді құру үшін пайдалануды білдіреді;

5) түсіндіре-сипаттай оқыту технологиялары білім алушыларды ақпараттандыру, хабарландыру және олардың жалпы оқулық білімдерін және дағдыларын қалыптастыру мақсатында қайтажасалымлық әрекеттерін ұйымдастыруды білдіреді.

15. «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша сабақтар мыналарды пайдаланумен өткізіледі:

1) электрондық білім беру ресурстары: мультимедиялық оқулықтарды, желілік білім беру ресурстары, мультимедиялық әмбебап энциклопедиялар;

2) аудиокөрнекі құралдар: слайдтар, слайд-фильмдер, бейнефильмдер;

3) көрнекі жазықтық құралдар: плакаттар, карталар, суреттемелер.

16. Мұғалім формативтік және жиынтық бағалау тапсырмаларын білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып құрастырады.

3-тарау. «Ағылшын тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

17. «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

18. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) «Тыңдалым» бөлімі;
- 2) «Айтылым» бөлімі;
- 3) «Оқылым» бөлімі;
- 4) «Жазылым» бөлімі;
- 5) «Ағылшын тілін пайдалану» бөлімі.

19. 0-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: білім алушылар мәнмәтіндік ойға салуды пайдаланып, қысқа сұрақтар мен оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіндерді түсінеді;

2) айтылым: білім алушылар өзі туралы негізгі ақпаратты береді, екпінді дұрыс көрсете отырып, жай сұрақтар мен олардың жауаптарын құрастырады;

3) оқылым: білім алушылар таныс тақырыптағы мәтін ойын түсінеді, қысқа мәтіндерде ақпарат пен бөлімдерін біледі;

4) жазылым: білім алушылар таныс тақырыпқа сөздер мен қысқа сөйлемдер жазады;

5) ағылшын тілін пайдалану: қолданыстағы лексикалық көлемді пайдалана отырып, өз пікірін білдіреді.

20. 1-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: білім алушылар тыңдап түсіну дағдыларын дамытады, оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі ойын түсінеді. Фактілер мен өзгерістерді анықтайды, таныс тақырып бойынша бөлімдерін түсінеді, қосымша ақпарат алу мақсатында тыңдалған материалға негізделген жай сұрақтарды құрастырады;

2) айтылым: білім алушылар өзі туралы негізгі ақпаратты береді, екпінді дұрыс көрсете отырып, жай сұрақтар мен олардың жауаптарын құрастырады. Тілдің формалды және формалды емес стилін пайдаланады, тақырыпты, фотосуреттерді, негізгі сөздер көмегімен мәтін мазмұнын алдын ала біледі;

3) оқылым: білім алушылар таныс тақырыптағы мәтіннің негізгі ойын түсінеді, қысқа мәтіндерде ақпарат пен оның бөлімдерін біледі; тақырыпты, фотосуреттерді, негізгі сөздер көмегімен мәтін мазмұнын алдын ала біледі;

4) жазылым: білім алушылар таныс тақырыпқа сөздер мен қысқа сөйлемдер жазады, мәтін бойынша ескертулер жасайды;

5) ағылшын тілін пайдалану: қолданыстағы лексикалық көлемді және тілдің алуан түрлілігін пайдалана отырып, өз пікірін білдіреді.

21. 2-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: білім алушылар оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі ойын түсінеді. Фактілер мен өзгерістерді анықтайды, таныс тақырып бойынша бөлімдерін түсінеді, қосымша ақпарат алу мақсатында тыңдалған материалға негізделген жай және күрделі сұрақтарды құрастырады;

2) айтылым: білім алушылар өзі туралы негізгі ақпаратты, таныс тақырыпқа логикалық ұйымдасқан оқиғалар негізінде мәтіннің идеясын береді, тілдің формалды және формалды емес стилін пайдаланып, тақырыпты, фотосуреттерді, негізгі сөздер көмегімен мәтін мазмұнын алдын ала біледі. Нақты ақпарат алу үшін жай және күрделі сұрақтар қояды;

3) оқылым: білім алушылар мәтіннің негізгі ойын, сондай-ақ қысқа мәтіндерде ақпарат пен оның бөлімдерін түсінеді. Ақпараттың алуан түрлі көздерді (анықтамалық материалдар, сөздіктер, интернет) пайдаланады;

4) жазылым: білім алушылар кестелерді, сызбаларды толтырады. Коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтін бойынша ескертпе жасайды;

5) ағылшын тілін пайдалану: қолданыстағы лексикалық көлемді және тілдің алуан түрлілігін пайдалана отырып, өз пікірін білдіреді.

22. 3-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: білім алушылар оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі ойын түсінеді. Фактілер мен пікірлерді анықтайды, таныс тақырып бойынша бөлімдерін түсінеді, қосымша ақпарат алу мақсатында тыңдалған материалға негізделген жай және күрделі сұрақтарды құрастырады;

2) айтылым: білім алушылар таныс тақырыпқа логикалық ұйымдасқан оқиғалар негізінде мәтін ойын береді, тілдің формалды және формалды емес стилін пайдаланып, тақырыпты, фотосуреттерді, негізгі сөздер көмегімен мәтін мазмұнын алдын ала біледі. Нақты ақпарат алу үшін жай және күрделі сұрақтар қояды;

3) оқылым: білім алушылар мәтіннің негізгі ойын, сондай-ақ қысқа мәтіндерде ақпарат пен оның бөлімдерін түсінеді. Ақпараттың алуан түрлі көздерін (анықтамалық материалдар, сөздіктер, интернет) пайдаланады;

4) жазылым: білім алушылар кестелерді, сызбаларды, анкеталарды, нысандарды толтырады. Таныс тақырыпқа мәтіндер жоспарлайды, жазады, редакция жасайды және оқиды. Коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтін бойынша ескертпе жасайды;

5) ағылшын тілін пайдалану: қолданыстағы лексикалық көлемді және тілдің алуан түрлілігін пайдалана отырып, өз пікірін білдіреді.

23. 4-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: білім алушылар оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі ойын түсінеді. Фактілер мен пікірлерді анықтайды, таныс тақырып бойынша бөлімдерін түсінеді, қосымша ақпарат алу мақсатында тыңдалған материалға негізделген жай және күрделі сұрақтарды құрастырады. Мәнмәтіндік ойға салу көмегімен тыңдалған материалдан қорытынды жасайды;

2) айтылым: білім алушылар таныс тақырыпқа логикалық ұйымдасқан оқиғалар негізінде мәтін ойын береді, тілдің формалды және формалды емес

стилін пайдаланып, тақырыпты, фотосуреттерді, негізгі сөздер көмегімен мәтін мазмұнын алдын ала біледі. Нақты ақпарат алу үшін жай және күрделі сұрақтар қояды;

3) оқылым: білім алушылар мәтіннің негізгі ойын, сондай-ақ алауан түрлі стильдермен жанрлардағы және жалпы тақырыптағы мәтіндердің бөлімдерін түсінеді. Ақпараттың алуан түрлі көздерін (анықтамалық материалдар, сөздіктер, интернет) пайдаланады. Тақырыпты, фотосуреттерді, негізгі сөздер көмегімен мәтін мазмұнын алдын ала біледі;

4) жазылым: білім алушылар кестелерді, сызбаларды, анкеталарды, нысандарды толтырады. Таныс тақырыпқа мәтіндер жоспарлайды, жазады, редакция жасайды және оқиды. Коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтін бойынша ескертпе жасайды. Оқылған тақырыптардың ақпаратын пайдаланады, сөйлемдерді абзацтарға және қысқаша мәтінмен байланыстырады, таныс тақырыптағы мәтінде тыныс белгіні дұрыс пайдаланады;

5) ағылшын тілін пайдалану: қолданыстағы лексикалық көлемді және тілдің алуан түрлілігін, өткен, осы және болашақ шақ нысандарын пайдалана отырып, өз пікірін білдіреді.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

24. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодында «1» - сынып, «1» - бөлім, «2.1» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

25. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым» бөлімі:

1-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
A1 деңгейге бағытталған оқыту	деңгейге бағытталған оқыту	Төмен A1	Орта A1	Жоғары A1
0.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын қысқа негізгі нұсқаулықт	1.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын қысқа негізгі нұсқаулықта рды тану; 1.1.1.2	2.1.1.1 қысқа негізгі нұсқаулықтар ды тану; 2.1.1.2 түсіну және өз мысалын келтіру	3.1.1.1 сыныпқа арналған қысқа нұсқаулықтар ды тану; 3.1.1.2 түсіну және өз	4.1.1.1 сыныпқа арналған негізгі нұсқаулықтард ы тану; 4.1.1.2 түсіну және өз мысалын келтіру

арды таниды; 0.1.1.2 мұғалімнің көмегімен өз мысалын келтіреді	түсіну және мұғалімнің көмегімен өз мысалын келтіру		мысалын келтіру	
0.1.2.1 мұғалімнің баяу және анық айтуымен өз сұрақтарын тану	1.1.2.1 мұғалімнің баяу және анық айтуымен өз сұрақтарының шектелген көлемін тану; 1.1.2.2 түсіну және өз мысалын келтіру	2.1.2.1 мұғалімнің қолдауымен өзінің жалпы сұрақтарының негізгі көлемін тану; 2.1.2.2 мұғалімнің көмегімен өзінің жалпы сұрақтарын құрастыру	3.1.2.1 өзінің қысқа сұрақтарының шектелген көлемін түсіну; 3.1.2.2 түсіну және өз мысалын келтіру	4.1.2.1 өзінің негізгі сұрақтарының көлемін түсіну; 4.1.2.2 өзінің сұрақтарын түсіну және дербес қою
0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен орындар атауын тану; 0.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысалдар келтіру	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды тану; 1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысалдар келтіру	2.1.3.1 түс және сан сияқты таныс тақырыптарға анық құрастырылған сөйлесудің негізгі сәттерін түсіну; 2.1.3.2 түсіну және мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	3.1.3.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының анық құрастырылған шектелген шегінде негізгі сәттерін түсіну; 3.1.3.2 түсіну және мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	4.1.3.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының қысқа сөйлесудің негізгі сәттерін түсіну; 4.1.3.2 түсіну және көрнекі ой тастауды пайдалана отырып, өз мысалдарын келтіру
0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен заттар туралы қысқа	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен заттар және құбылыстар туралы	2.1.4.1 мұғалімнің көмегімен түс және сан сияқты функцияларға	3.1.4.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының шектелген	4.1.4.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптар бойынша қысқа сөйлесудің

негізгі сұрақтарды тану; 0.1.4.2 қысқа негізгі сұрақтарды түсіну және мысалдар келтіру	қысқа негізгі сұрақтарды тану; 1.1.4.2 қысқа негізгі сұрақтарды түсіну және мысалдар келтіру	қатысты қысқа негізгі сұрақтарды тану; 2.1.4.2 түсіну және мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	шегін түсіну; 3.1.4.2 тақырыптар бойынша қысқа негізгі сұрақтарды түсіну және мысалдар келтіру	көлемін түсіну; 4.1.4.2 жаңа сөздерді пайдаланып, тақырыптар бойынша қысқа негізгі сұрақтарды түсіну және мысалдар келтіру
0.1.5.1 фонеманы тану; 0.1.5.2 мұғалімнің көмегімен фонемаларды түсінеді және дұрыс айтады;	1.1.5.1 фонеманы және фонемалық тіркестерді тану; 1.1.5.2 фонеманы және фонемалық тіркестерді түсіну және дұрыс айту	2.1.5.1 толық емес сөздерде жоқ фонеманы анықтау; 2.1.5.1 түсіну және мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	3.1.5.1 сөздерде фонеманы айыру; 3.1.5.2 дербес мысал келтіру және жаттығуларды орындау	4.1.5.1 бастапқы, орта және соңғы фонемаларды және олардың тіркестерін анықтау; 4.1.5.2 жеке мысал келтіру
		2.1.6.1 таныс тақырыптарға қысқа, баяу, мұқият құрастырылған сөйлесуде нақты ақпаратты түсіну; 2.1.6.2 мұғалімнің көмегімен белгілі тақырыптар бойынша ақпаратты түсіну	3.1.6.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының анық құрастырылған шектелген шегінде негізгі сәттерін түсіну; 3.1.6.2 түсіну және мысалдар келтіру	4.1.6.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптар көлемі бойынша қысқа қолданалатын сөйлесудің ақпаратын түсіну; 4.1.6.2 жаңа лексика мен көрнекі ой тастауды пайдалана отырып, түсіну және жеке мысалдар келтіру

		2.1.7.1 мәнмәтіндік ой тастауды пайдалану, таныс тақырыптарға сұхбат құрастыру; 2.1.7.2 түсіну және мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	3.1.7.1 оқылған тақырыптар бойынша сұхбаттарда мәнмәтіндік ойтастауды пайдалану; 3.1.7.2 көрнекі ойтастауды пайдалана отырып, сұхбат құру	4.1.7.1 қысқаша әңгімелесуде жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша мазмұны мен мәнін болжау үшін ойтастауды пайдалану; 4.1.7.2 дербес сөйлем құрастыру
		2.1.8.1 таныс тақырыптарға баяу және анық айтылатын қысқа әңгімелерді түсіну; 2.1.8.2 ауызша ойтастауларды пайдалану; 2.1.8.3 түсіну ұқсас мысалдар келтіру	3.1.8.1 жалпы және оқу тақырыптарының шектелген шеңбері бойынша қысқа әңгімелерді түсіну; 3.1.8.2 көрнекі ойтастауларды пайдалану	4.1.8.1 жалпы және оқу тақырыптарының көлемі бойынша шағын сұхбаттарды түсіну; 4.1.8.2 көрнекі ойтастаулар мен жаңа сөздерді пайдалану
0.1.9.1 әліпби әріптерін тану	1.1.9.1 әліпби әріптерін тану	2.1.9.1 сөйлесу нысанын, таныс сөздерді және тіркестерді тану; 2.1.9.2 ұқсас мысалдар келтіру	3.1.9.1 шектелген тақырыптар бойынша негізгі лексиканы тану; 3.1.9.2 қарапайым сөздерді түсіну	4.1.9.1 жалпы тақырыптар бойынша негізгі лексиканы білу; 4.1.9.2 жалпы тақырыптар бойынша негізгі сөздерді түсіну
				4.1.10.1 ана тіліне ұқсас сөздерді тану

2) «Айтылым» бөлімі:
2-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
А1 деңгейіне бағытталған оқыту	А1 деңгейіне бағытталған оқыту	Төмен А1	Орта А1	Жоғары А1
0.2.1.1 өзі туралы жай фразаларды айта білу	1.2.1.1 сыныпта заттарды, адамдарды, объектілерді және әрекеттерді атай білу; 1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айта білу	2.2.1.1 өзі, адамдар, объектілер туралы әңгімелеу; 2.2.1.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	3.2.1.1 жалпы тақырыптардың шектелген шеңбері бойынша жеке ақпарат беру	4.2.1.1 жалпы және оқу тақырыптары бойынша ақпарат беру
0.2.2.1 ұқсас сұрақтарды түсіну және қоя білу	1.2.2.1 сыныпта заттар, адамдар, объектілер және әрекеттер туралы сұрақ қою; 1.2.2.2 ұқсас сұрақтарды түсіну және қоя білу	2.2.2.1 өткен тақырыптар бойынша негізгі сұрақтарды қою; 2.2.2.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар қоя білу	3.2.2.1 өткен және жаңа тақырыптар бойынша негізгі сұрақтарды қою; 3.2.2.2 дербес сұрақтар қоя білу	4.2.2.1 жеке тәжірибесін пайдаланып, негізгі сұрақтарды қою; 4.2.2.2 зерделенген тақырыптар бойынша сұрақтарды түсіну және қоя білу
0.2.3.1 жай таныс сөздерді және тіркестерді дәл және анық айта білу	1.2.3.1 таныс сөздерді және тіркестерді анық айту; 1.2.3.2 жаттығуларды дербес	2.2.3.1 сыныптағы объектілерді, әрекеттерді сипаттау үшін негізгі сөздердің, фразалардың	3.2.3.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптардың шектелген шеңбері бойынша адамдар мен	4.2.3.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының шектелген шеңбері бойынша адамдар мен

	орындау	шектелген көлемін пайдалану; 2.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау	объектілердің қысқа, негізгі сипаттамасын беру; 3.2.3.2 анықтамалық материалдарды пайдаланып дербес жұмыс істеу	объектілердің қысқа, негізгі сипаттамасын беру; жалпы және кейбір оқу тақырыптарының үлкен шеңбері бойынша жеке тәжірибені сипаттау; 4.2.3.2 көрнекі ой тастаулар мен тірек сөздерді пайдалану
	1.2.4.1 сыныпта заттар, адамдар, объектілер және әрекеттер туралы негізгі сұрақтарға жауап беру; 1.2.4.2 ұқсас сұрақтарды түсіну және қою	2.2.4.1 жеке және нақты ақпаратты бере отырып, негізгі сұрақтарға жауап беру; 2.2.4.2 жеке тәжірибесінен мысалдар келтіру	3.2.3.1 1 жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша сұрақтарға жауап беру	4.2.4.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптардың көлемі бойынша сұрақтарға жауап беру
0.2.5.1 қысқа сұхбатта пайдалану	1.2.5.1 қысқа сұхбатта пайдалану	2.2.5.1 әріптер мен дыбыстарды айыру	3.2.5.1 дауыстап оқу кезінде таныс сөздер мен қысқа фразаларды анық айту	4.2.5.1 жаңа сөздерді, қысқа фразаларды және жай сөйлемдерді анық айту
0.2.6.1 ұқсас сұрақтарды қою	1.2.6.1 басқалармен негізгі өзара әрекетте	2.2.6.1 шағын сұхбаттарда қысқа жауаптарды	3.2.6.1 белгілі бір тақырыптар бойынша	4.2.6.1 белгілі бір тақырыптар бойынша сұхбат құрау

	кіріспе және сұраулар жасайды; 1.2.6.2 ұқсас сұрақтарды қою	пайдалану	сұхбат құрау; 3.2.6.2 дербес сұрақ қою және жауап беру	
		2.2.7.1 таныс көп күрделі сөздерде екпінді дұрыс қою	3.2.7.1 қысқа жұптық, топтық және толық сұхбаттарда өз пікірін қоса, орынды сөздер, фразалар, сөйлемдер таңдау	4.2.7.1 қысқа жұптық, топтық және толық сұхбаттар кезінде жаңа сөздердің, фразалардың және сөйлемдердің көлемін кеңейтуге ықпал етеді
		2.2.8.1 жай нұсқаулықтар беру	3.2.8.1 оқылған тақырыптар бойынша қысқа, негізгі жағдайлар мен оқиғаларды әңгімелеу; 3.2.8.2 көрнекі ой тастаулар мен тірек сөздерді пайдалану	4.2.8.1 ұнатуды және ұнатпауды білдіру; оқылған тақырыптар бойынша қысқа, негізгі тарихтар мен оқиғаларды әңгімелеу; 4.2.8.2 көрнекі ой тастаулар мен тірек сөздерді пайдалану

3) «Оқылым» бөлімі:
3-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
A1 деңгейіне	A1 деңгейіне бағытталған	Төмен A1	Орта A1	Жоғары A1

бағытталған оқыту	оқыту			
0.3.1.1 әліпби әріптері мен дыбыстарын тану; 0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрау	1.3.1.1 әліпби әріптері мен дыбыстарын тану; 1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрау	2.3.1.1 сөздерді айту ережелеріне сәйкес сөздерді айту; 2.3.1.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрау	3.3.1.1 жай сөйлемдерде таныс сөздерді тану, сәйкестендіре білу	4.3.1.1 ойтастау көмегімен сөздер, фразалар мен сөйлемдердің айтылуын тану, сәйкестендіру
0.3.2.1 есімдерде бастапқы әріпті тану	1.2.2.1 есімдерде және орындарда бастапқы әріпті тану	2.3.2.1 жоғары жиілікті дыбыстық және әріптік шаблондарды сәйкестендіру, еске сақтау және дыбыстау	3.3.2.1 нұсқаулықты пайдаланып, мәтінді оқу және түсіну	4.3.2.1 ойтастауға сүйеніп көркем және жай мәтіндерді оқу және түсіну
	1.3.3.1 жергілікті ортадан таныс сөздерді тану және сәйкестендіру; 1.3.3.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрау	2.3.3.1 мұғалімнің нұсқаулығын а сүйеніп жай сөздер, фразалар және сөйлемдерді оқу	3.3.3.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша көркем және жай мәтіндерді оқу	4.3.3.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының көлемі бойынша қысқа, жай мәтіндерде өз пікірін білдіру
0.3.4.1 әліпбилік тәртіппен сөздің бірінші әріптерін орналастыру үшін әліпбиді пайдалану	1.3.4.1 әліпбилік тәртіппен сөздің бірінші әріптерін орналастыру үшін әліпбиді пайдалану	2.3.4.1 бейнелеулерді сипаттау кезінде тірек сөздікті пайдалану	3.3.4.1 бейнелеулерді сипаттау кезінде тірек сөздікті пайдалану	4.3.4.1 қосымша әдебиетті пайдалану

		2.3.5.1 мәнмәтіндік ой тастаулардың көмегімен таныс тақырыпта жай сөйлемдерді түсіну	3.3.5.1 мәнмәтіндік ой тастаулардың көмегімен жалпы және кейбір оқу тақырыптарының шектелген шеңбері бойынша қысқа жай мәтіндердің негізгі сәттерін түсіну	4.3.5.1 мәнмәтіндік ой тастауларды пайдаланып жалпы және кейбір оқу тақырыптарында қысқа жай мәтіндердің негізгі ойын түсіну
		2.3.6.1 көрнекі ой тастауларды пайдаланып мәтіннің негізгі ақпаратын түсіну; 2.3.6.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрастыру	3.3.6.1 көрнекі ой тастауларды пайдаланып мәтіннің негізгі ақпаратын түсіну	4.3.6.1 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының көлемі бойынша қысқа, жай мәтіндерде, қысқа бөліктердегі ақпаратты түсіну

4) «Жазылым» бөлімі:

4-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
А1 деңгейіне бағытталған оқыту	А1 деңгейіне бағытталған оқыту	Төмен А1	Орта А1	Жоғары А1
		2.4.1.1 ой тастауларды пайдаланып сұрақтарға жазбаша жауап беру; 2.4.1.2	3.4.1.1 мұғалімнің көмегімен оқылған тақырыптар бойынша қысқа	4.4.1.1 мұғалімнің көмегімен оқылған тақырыптар бойынша қысқа

		мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрастыру	сөйлемдер құрастыру және жазу	сөйлемдер құрастыру және жазу
		2.4.2.1 естіген сөзін жазу	3.4.2.1 сөздер мен фразаларды жазу	4.4.2.1 жазбаша жұмыстарда біріккен қолтаңбаны пайдалану
		2.4.3.1 адамдарды, орындарды және объектілерді сәйкестендіру үшін қысқа фразалар жазу; 2.4.3.2 мысал келтіру	3.4.3.1 адамдарды, орындарды және объектілерді сәйкестендіру үшін қысқа фразалар жазу; 3.4.3.2 мысал келтіру	4.4.3.1 адамдарды, орындарды және объектілерді сипаттайтын қысқа сөйлемдері жазу мысал келтіру
			3.4.4.1 сөздер арасында тиісті бос жолдары бар қысқа негізгі сөйлемдер жазу	4.4.4.1 жеке ақпаратты пайдаланып, белгілі бір тақырыптар бойынша сөйлемдер жазу
		2.4.5.1 мұғалімнің айтуы бойынша әріптер мен таныс сөздерді жазу;	3.4.5.1 мәнмәтіндік ойтастауларды пайдаланып, сөздер мен негізгі фразаларды жазу	4.4.5.1 көрнекі ойтастауларды пайдаланып сөйлемдер жазу
		2.4.6.1 есімдер мен географиялық орналасуларды жазу кезінде	3.4.6.1 есімдер мен географиялық орналасуларды жазу кезінде	4.4.6.1 таныс сөздерді белгілі бір бірізділікпен дербес жазу

		бас әріптерді пайдалану	бас әріптерді пайдалану	
		2.4.7.1 таныс сөздермен жай сөйлемдер жазу	3.4.7.1 таныс сөздермен сөйлемдер құрастыру және жазу	4.4.7.1 дербес жұмыс кезінде ең таныс сөздерді дәл айту
		2.4.8.1 жай сөйлемдерге таныс сөздерді қосу	3.4.8.1 жай сөйлемдерге таныс сөздермен фразаларды қосу	4.4.8.1 қосымша әдебиетті пайдалана отырып, сөйлемдерге жаңа сөздер мен фразалар қосу

5) «Ағылшын тілін пайдалану» бөлімі:
5-кесте

Оқыту мақсаттары				
0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
A1 деңгейіне бағытталған оқыту	A1 деңгейіне бағытталған оқыту	Төмен A1	Орта A1	Жоғары A1
0.5.1.1 жекеше түрдегі зат есімді пайдалану, көпше түрдегі зат есімді пайдалану; 0.5.1.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	1.5.1.1 жекеше түрдегі зат есімді пайдалану, көпше түрдегі зат есімді пайдалану – адамдар мен орындар туралы сөйлем құрстырып айту; 1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен	2.5.1.1 жекеше түрдегі зат есімді пайдалану, көпше түрдегі зат есімді пайдалану – жай сипаттауларды пайдаланып, көпше түрдің кейбір дұрыс емес нысанын қоса пайдалану	3.5.1.1 жекеше түрдегі зат есімді пайдалану, көпше түрдегі зат есімді пайдалану – меншік есімдермен ' s / s' тәуелдік жалғауын пайдаланып, көпше түрдің кейбір дұрыс емес нысанын қоса пайдалану	4.5.1.1 жекеше түрдегі зат есімді пайдалану, көпше түрдегі зат есімді пайдалану – меншік есімдермен ' s / s' тәуелдік жалғауын пайдаланып, көпше түрдің кейбір тұрақты емес көпше түрді және заттарды белгілеу және

	мысалдар келтіру			сипаттау үшін түрі белгісіз сансыз зат есімдерді, "s' s" тәуелдік жалғауларын қоса пайдалану
0.5.2.1 санау кезінде 1 - 20 сан есімдерін пайдалану 0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	1.5.2.1 санау кезінде 1 - 20 сан есімдерін пайдалану; 1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	2.5.2.1 сан есімдерді білу 2.5.2.2 санау кезінде 1 -50 кардинал сандарын пайдалану	3.5.2.1 сан есімдерді білу; 3.5.2.2 санау кезінде 1 -100 кардинал сандарын пайдалану, 1 -100 1-10 реттік нөмірлерін пайдалану	4.5.2.1 сан есімдерді білу; 4.5.2.2 1 – 1000 сандық сан пайдалану, 1 – 100 реттік сан есімдерді пайдалану
	1.5.3.1 адамдар мен заттарды сипаттау үшін негізгі сын есімдерді пайдалану; 1.5.3.2 ұқсас мысалдар келтіру	2.5.3.1 сезімдерді сипаттауда жалпы сын есімді пайдалану; 2.5.3.2 көрнекі ойтастауды пайдалану	3.5.3.1 заттарды сипаттау үшін жай, бір буынды және кейбір екібуынды сын есімдерді салыстыру үшін [салыстырма түрі] пайдаланып, жалпы және кейбір оқу тақырыптарының шектелген көлемінде сын есімді, тәуелдік сын есімді қоса, пайдалану	4.5.3.1 жай, бір буынды және кейбір екібуынды сын есімдерді салыстыру үшін [салыстырма түрі] пайдаланып, жалпы және кейбір оқу тақырыптарының шектелген көлемінде сын есімді, тәуелдік сын есімді қоса, пайдалану

	1.5.4.1 a, an, some, the, this, these, what /where пайдалану; 1.5.4.2 ұқсас мысалдар келтіру	2.5.4.1 материалды қайталау; 2.5.4.2 an, the, some, any, this, these, that, those артикльдерін пайдалану; 2.5.4.3 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.4.1 материалды қайталау; 3.5.4.2 жалпы және кейбір оқу тақырыптарының шектелген көлемінде заттарды сипаттау үшін a, an, the, some, any, this, these, that, those артикльдерін пайдалану; 3.5.4.3 ұқсас мысалдар келтіру	4.5.4.1 материалды қайталау; 4.5.4.2 a, an, the, zero article, some, any, this, these, that, those пайдалану, жалпы және кейбір оқу бағдарламаларының өсетін көлемі бойынша заттарға сілтеме жасау
	1.5.5.1 which, what, where, how сұрау есімдіктерін пайдаланып негізгі сұрақтарды қою; 1.5.5.2 негізгі сұрақтарды түсіну, ұқсас жауаптар беру	2.5.5.1 материалды қайталау; 2.5.5.2 сұрақтар құрастыру үшін which, what, where, whose қоса сұрау есімдіктерін пайдалану; 2.5.5.3 негізгі сұрақтарды түсіну, ұқсас жауаптар беру	3.5.5.1 материалды қайталау; 3.5.5.2 таныс тақырыптардың шектелген шеңбері бойынша сұрау есімдіктерін, оның ішінде: which, what, where, whose, how many, what kind of. пайдалану; 3.5.5.2 негізгі сұрақтарды түсіну, ұқсас жауаптар беру	4.5.5.1 материалды қайталау; 4.5.5.2 таныс тақырыптардың өсу шеңбері бойынша сұрау есімдіктерін who, what and where, how many, how much, how often, how big, what kind of... сұрау есімдіктерін пайдалану, сұрақтар қою
	1.5.6.1 материалды	2.5.6.1 материалды	3.5.6.1 материалды	4.5.6.1 материалды

	қайталау; 1.5.6.2 заттарды белгілеу үшін осы, осылар, не, солар сілтеу есімдіктерін пайдалану; 1.5.6.3 ұқсас жауаптар беру	қайталау; 2.5.6.2 сұраулы сөйлем құрастыру үшін this, these, that, those сілтеу есімдіктерін пайдалану; 2.5.6.3 ұқсас жауаптар беру	қайталау; 3.5.6.2 this, these, that, those сілтеу есімдіктерін ашық және жабық сұрақтарда пайдалану; 3.5.6.3 ұқсас жауаптар беру	қайталау; 4.5.6.2 сілтеу есімдіктерін және объектілік есімдіктерді қысқаша сөз тіркестерінде, сұрақтар мен жауаптарда пайдалану
0.5.7.1 негізгі жеке ақпаратты беру; 0.5.7.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	1.5.7.1 негізгі жеке ақпаратты беру үшін жеке субъект және объект есімдіктерін пайдалану; 1.5.7.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	2.5.7.1 материалды қайталау; 2.5.7.2 адамдар мен заттарды сипаттау үшін жеке субъект және объект есімдіктерін пайдалану; 2.5.7.3 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.7.1 материалды қайталау; 3.5.7.2 жеке объект [жанама] есімдіктерін әрекеттер мен оқиғаларды сипаттау үшін тікелей объекті зат есімімен үйлестікте пайдалану	4.5.7.1 материалды қайталау; 4.5.7.2 субъект және объект есімдіктерін, объектінің жанама есімдіктерін қоса пайдалану, жеке ақпарат беру және әрекеттер мен оқиғаларды сипаттау үшін менікі, сіздікі тәуелдік есімдіктерін пайдалану
0.5.8.1 негізгі командалар мен нұсқаулықтар үшін жай императивтік [оң] нысандарды пайдалану;	1.5.8.1 негізгі командалар мен нұсқаулықтар үшін жай императивтік [оң] нысандарды пайдалану; 1.5.8.2	2.5.8.1 материалды қайталау; 2.5.8.2 негізгі командалар мен нұсқаулықтар үшін жай императивтік [оң және	3.5.8.1 материалды қайталау; 3.5.8.2 таныс тақырыптардың шектеулі шеңбері бойынша қысқа нұсқаулықтар	4.5.8.1 материалды қайталау; 4.5.8.2 таныс тақырыптардың белгілі бір шеңбері бойынша қысқа нұсқаулықтар

0.5.8.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	теріс] нысандарды пайдалану; 2.5.8.3 ұқсас мысалдар келтіру	үшін жай императивтік [оң және теріс] нысандарды пайдалану	үшін жай императивтік [оң және теріс] нысандарды пайдалану
	1.5.9.1 негізгі жеке ақпаратты беру үшін жалпы жай [оң, теріс және сұрау] нысандарды пайдалану; 1.5.9.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	2.5.9.1 материалды қайталау 2.5.9.2 хабарлар үшін кәдімгі, жай нысандарды [оң, теріс, сұрау] және қысқартулард ы пайдалану; 2.5.9.3 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.9.1 материалды қайталау; 3.5.9.2 хабарлар үшін кәдімгі, қазіргі кездегі жай нысандарды [оң, теріс, сұрау] және қысқартулард ы пайдалану	4.5.9.1 материалды қайталау; 4.5.9.2 әрекеттер мен сезімдерді сипаттау үшін жалпы жай [тұрақты және тұрақты емес] нысандарды, оның ішінде жауаптармен қысқартулард ың қысқа нысандарын осы шақта пайдалану және жауаптың қысқа нысандарын қоса, жай оқиғаларды әңгімелеу
		2.5.10.1 жалпы үздіксіз нысандарды [оң, теріс, сұрау] пайдалану; 2.5.10.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрастыру	3.5.10.1 материалды қайталау; 3.5.10.2 хабарлар үшін кәдімгі, жай нысандарды жалпы үздіксіз нысандарды, қысқа жауаптар мен	4.5.10.1 осы шақта және болашақта болатын хабарлар туралы жалпы қабылданған үздіксіз нысандарды, оның ішінде қысқа жауаптарды

			қысқартуларды қоса, пайдалану; 3.5.10.3 ұқсас мысалдар келтіру	пайдалану; 4.5.10.2 ұқсас мысалдар келтіру
	1.5.11.1 қысқа мәлімдеулер мен сұрақтар үшін және has got / have got, пайдалану; 1.5.11.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру	2.5.11.1 сипаттау және сұраулы сөйлемдерді құрастыру үшін have got + зат есімді пайдалану; 2.5.11.2 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.11.1 материалды қайталау; 3.5.11.2 тұжырымдауда және сұрақтың түрлі нысандарында , қысқа жауаптар мен қысқартуларда has got / have got there is / are пайдалану; 3.5.11.3 ұқсас мысалдар келтіру	4.5.11.1 материалды қайталау; 4.5.11.2 тұжырымдауда және сұрақтың түрлі нысандарында , қысқа және толық жауаптар мен қысқартуларда has got/ have got there is/ are пайдалану
		2.5.12.1 заттардың орналасқан жерін анықтау үшін here / there негізгі мекен үстеуін пайдалану; 2.5.12.2 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.12.1 жай үстеулерді пайдалану үшін уақыт және жиілік үстеулерін: often, always, never to indicate when and how often пайдалану; 3.5.12.2 ұқсас мысалдар келтіру	4.5.12.1 материалды қайталау; 4.5.12.2 уақыт және жиілік үстеулерін: sometimes, often, always, never to indicate when and how often, жай үстеулерді пайдалану; әрекеттерді сипаттау үшін жай үстеулерді

				пайдалану, мысалы, баяу, жылдам
	1.5.13.1 әрекеттерді сипаттау үшін can / can't пайдалану; 1.5.13.2 ұқсас мысалдар келтіру	2.5.13.1 материалды қайталау; 2.5.13.2 can / can't пайдаланумен сұрақта және сөйлемдер құрастыру; 2.5.13.3 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.13.1 материалды қайталау; 3.5.13.2 сұраулы сөйлемдер құрастыру үшін can пайдалану, болымды сөйлемде must / mustn't / have to пайдалану; 3.5.13.3 ұқсас мысалдар келтіру	4.5.13.1 материалды қайталау; 4.5.13.2 сұраулы сөйлемдер құрастыру үшін can пайдалану, болымды сөйлемде must / mustn't / have to to talk about obligation; use have + object + infinitive пайдалану
0.5.14.1 орналасқан жері мен жағдайының негізгі сөзалды қосымшалар ын, мысалы, in, at, next to, near, on, to; 0.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру	1.5.14.1 адамның және заттардың орналасқан жерін сипаттау үшін негізгі сөзалды, мысалы, in, at, next to, near, on, шақ: on қосымшалар ын пайдалану; 1.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру	2.5.14.1 материалды қайталау; 2.5.14.2 адамның және заттардың орналасқан жерін сипаттау үшін негізгі сөзалды қосымшалары н пайдалану: at, behind, between, in, in front of, near, next to, on, to қосымшалары н пайдалану; шақ қосымшалары н пайдалану: on, in, at;	3.5.14.1 материалды қайталау; 3.5.14.2 адамның және заттардың орналасқан жерін сипаттау үшін негізгі сөзалды қосымшалары н пайдалану: at, behind, between, in, in front of, near, next to, on, under, above адамның және заттардың орналасқан жерін сипаттау үшін	4.5.14.1 материалды қайталау; 4.5.14.2 орналасқан жері мен жағдайының сөзалды қосымшалары н пайдалану: at, in, on, behind, between, in front of, near, next to, opposite, above, up, down; сөзалды шақ қосымшалары н пайдалану: in, on, at, before,

		2.5.14.3 ұқсас мысалдар келтіру	негізгі шақ сөзалды қосымшалары н пайдалану: on, in, at; 3.5.14.3 ұқсас мысалдар келтіру	after
		2.5.15.1 ұнату мен ұнатпауды білдіру үшін like + verb +ing нысанын пайдалану үшін would you like + noun пайдалану; 2.5.15.2 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.15.1 материалды қайталау; 3.5.15.2 тиісті yes please, no thanks; use let's + verb verbs go enjoy like + verb + ing жауаптарды пайдалану және түсіну үшін would you like пайдалану; 3.5.15.3 ұқсас мысалдар келтіру	4.5.15.1 материалды қайталау; 4.5.15.2 тиісті yes please, no thanks; use let's + verb; verbs go enjoy like + verb + ing жауаптарды пайдалану және түсіну үшін would you like пайдалану; want, start + infinitive жай әрекеттер мен етістіктерін сипаттау үшін мақсат инфинитивін пайдалану; сезімді білдіру үшін [a/an] + adjective + noun, артикльдерін пайдалану; 4.5.15.3 ұқсас мысалдар келтіру
		2.5.16.1 сөздер мен	3.5.16.1 материалды	4.5.16.1 материалды

		фразаларды байланыстыру үшін and, or, but жалғаулықтар ын пайдалану; 2.5.16.2 ұқсас мысалдар келтіру	қайталау; 3.5.16.2 сөздер мен фразаларды байланыстыру үшін and, or, but пайдалану	қайталау; 4.5.16.2 and, or, but жалғаулықтар ын сөз бен фразаларды байланыстыру үшін пайдалану
		2.5.17.1 қысқа жауаптар үшін me, too пайдалану; 2.5.17.2 ұқсас мысалдар келтіру	3.5.17.1 материалды қайталау; 3.5.17.2 қысқа жауаптар үшін me, too, и I don't пайдалану	4.5.17.1 материалды қайталау; 4.5.17.2 қысқа жауаптар үшін me, too, и I don't пайдалану; жай, осы және өткен шақ әрекеттерін сипаттау үшін when бар сөйлемді пайдалану

26. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

27. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4-сыныптары үшін «Ағылшын тілі»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасына қосымша

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің
0-4-сыныптары үшін «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 0-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Өзім туралы	Сәлемдесу және есімдер	0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен орын атауын түсіну; 0.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 0.2.1.1 өзі туралы жай фразаларды айту; 0.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 0.2.6.1 ұқсас сұрақтар қою
2. Менің мектебім	1 – 20 санау	0.1.1.1 баяу және анық айтылған негізгі нұсқаулықтарды түсіну; 0.1.1.2 мұғалімнің көмегімен түсіну және өз мысалын келтіру; 0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен мекен атауын түсіну; 0.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 0.2.2.1 ұқсас сұрақтарды түсіну және қою; 0.5.2.1 санау кезінде 1 - 20 сан есімдерін пайдалану; 0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен өз мысалын келтіру
2-тоқсан		
3. Менің отбасым және достарым	Отбасы және достар	0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен мекен атауын түсіну; 0.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 0.2.1.1 өзі туралы жай фразаларды айту; 0.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 0.2.5.1 сұхбаттарда қысқа сөздерді пайдалану; 0.5.1.1 жеке түрдегі зат есімді, көпше түрдегі зат есімді пайдалану; 0.5.1.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру; 0.5.7.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру; 0.5.8.1 негізгі командалар мен нұсқаулықтар үшін жай императивтік [оң] нысандарды пайдалану

4. Бізді қоршаған әлем	Менің үйімде	0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен орын атауын түсіну; 0.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 0.1.9.1 әліпби әріптерін тану; 0.2.1.1 өзі туралы жай фразаларды айту; 0.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 0.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру
3-тоқсан		
5. Саяхат	Қазақстанда	0.2.1.1 өзі туралы жай фразалар; 0.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 0.3.1.1 әліпби әріптері мен дыбыстарын тану; 0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрастыру; 0.3.2.1 есімдерде бастапқы әріпті тану; 0.3.4.1 әліпбилік тәртіппен сөздің бірінші әріптерін орналастыру үшін әліпбиді пайдалану; 0.5.14.1 орналасқан жері мен жағдайының негізгі сөзалды қосымшаларын пайдалану, мысалы, in, at, next to, near, on, to; 0.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру;
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Туған күнмен	0.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын негізгі қысқа нұсқаулықтарды түсіну; 0.1.1.2 мұғалімнің көмегімен түсіну және өз мысалын келтіру; 0.2.1.1 өзі туралы жай фразалар айту; 0.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 0.2.5.1 қысқа сұхбаттарда пайдалану; 0.2.6.1 ұқсас сұрақтар қою; 0.5.2.1 санау кезінде 1 - 20 сан есімін пайдалану; 0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру
4-тоқсан		
7. Тағам және сусындар	Мен жақсы көретіндер	0.2.1.1 өзі туралы жай фразалар айту; 0.2.2.1 ұқсас сұрақтарды түсіну және қою; 0.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 0.2.5.1 қысқа сұхбаттарда пайдалану; 0.3.1.1 әліпби әріптері мен дыбыстарын тану; 0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрастыру 0.3.4.1 әліпбилік тәртіппен сөздің бірінші әріптерін орналастыру үшін әліпбиді пайдалану; 0.5.14.1 орналасқан жері мен жағдайының негізгі сөзалды қосымшаларын пайдалану, мысалы, in, at, next to, near, on, to

8. Дені саудың – жаны сау!	Қолдарым мен басым	0.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын негізгі қысқа нұсқаулықтарды түсіну; 0.1.1.2 мұғалімнің көмегімен түсіну және өз мысалын келтіру; 0.1.2.1 мұғалім баяу және анық айтатын жеке сұрақтарды түсіну; 0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен мекен атауын түсіну; 0.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 0.2.1.1 өзі туралы жай фразалар айту; 0.5.1.1 жеке түрдегі зат есімді, көпше түрдегі зат есімді пайдалану; 0.5.1.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру
----------------------------	--------------------	---

2) 1- сынып:
2-кесте

Ортақ тақырыптар	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Өзім туралы	Сәлемдесу және есімдер	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен мекен атауын түсіну; 1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 1.2.1.1 өзі туралы жай фразаларды айту; 1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау; 1.2.6.1 негізгі; басқалармен өзара әрекетте кіріспе және сұратулар жасайды; 1.2.6.2 ұқсас сұрақтар қою; 1.5.6.1 материалды қайталау; 1.5.6.2 заттарды белгілеу үшін бұл бұлар, не, аналар сілтеу есімдіктерін пайдалану; 1.5.6.3 ұқсас жауаптар беру
	Түстер	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды түсіну; 1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 1.1.9.1 әліпби әріптерін тану; 1.2.1.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау; 1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айту; 1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау; 1.5.3.1 адамдар мен заттарды сипаттау үшін негізгі сын есімдерді пайдалану; 1.5.3.2 ұқсас мысалдар келтіру; 1.5.6.2 заттарды белгілеу үшін бұл бұлар, не, аналар сілтеу есімдіктерін пайдалану;

		1.5.6.3 ұқсас жауаптар беру;
	1 - 20	1.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын негізгі қысқа нұсқаулықтарды түсіну; 1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен түсіну және өз мысалын келтіру; 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды түсіну; 1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 1.2.2.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау; 1.5.2.1 санау кезінде 1 - 20 сан есімін пайдалану; 1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру.
2. Менің мектебім	Сыныптағы заттар	1.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын негізгі қысқа нұсқаулықтарды түсіну; 1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен түсіну және өз мысалын келтіру; 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды түсіну; 1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру; 1.1.9.1 әліпби әріптерін тану; 1.2.1.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау; 1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айту; 1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту; 1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау; 1.5.1.1 жеке түрдегі зат есімді, көпше түрдегі зат есімді пайдалану – адамдар мен орындар туралы сөйлем құрастыру және айту; 1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен мысал келтіру; 1.5.4.1 a, an, some, the, this, these, what /where пайдалану; 1.5.4.2 ұқсас мысалдар келтіру; 1.5.6.1 материаллы қайталау; 1.5.6.2 заттарды белгілеу үшін бұл бұлар, не, аналар сілтеу есімдіктерін пайдалану; 1.5.6.3 ұқсас мысалдар келтіру; 1.5.14.1 орналасқан жері мен жағдайын сипаттау үшін негізгі сөз алды қосымшаларын пайдалану, мысалы, in, at, next to, near, on , шақ сөзалды қосымшасын: on пайдалану; 1.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру
	Оқу пәндері	1.1.1.1 мұғалім баяу және анық айтатын негізгі қысқа нұсқаулықтарды түсіну; 1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен түсіну және өз мысалын келтіру; 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен орын атауын түсіну; 1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал

		<p>келтіру;</p> <p>1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту;</p> <p>1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау;</p> <p>1.5.3.1 адамдар мен заттарды сипаттау үшін негізгі сын есімдерді пайдалану;</p> <p>1.5.3.2 ұқсас мысалдар келтіру;</p> <p>1.5.8.1 негізгі командалар немесе нұсқаулықтар үшін жай императивтік [оң] нысандарды пайдалану;</p> <p>1.5.8.2 мұғалімнің көмегімен мысал келтіру;</p> <p>1.5.13.1 әрекеттерді сипаттау үшін can / can't пайдалану;</p> <p>1.5.13.2 ұқсас мысалдар келтіру</p>
	Заттарды сипаттау	<p>1.2.1.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау;</p> <p>1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айту;</p> <p>1.5.3.1 адамдар мен заттарды сипаттау үшін негізгі сын есімдерді пайдалану;</p> <p>1.5.3.2 ұқсас мысалдар келтіру</p>
2-тоқсан		
3. Менің отбасым және достарым	Отбасы және достар	<p>1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды түсіну;</p> <p>1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру;</p> <p>1.2.1.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау;</p> <p>1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айту;</p> <p>1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту;</p> <p>1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау;</p> <p>1.2.5.1 қысқа сұхбаттарда пайдалану;</p> <p>1.5.1.1 жеке түрдегі зат есімді, көпше түрдегі зат есімді пайдалану – адамдар мен орындар туралы сөйлем құрастыру және айту;</p> <p>1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен мысал келтіру;</p> <p>1.5.4.1 a, an, some, the, this, these , what /where пайдалану;</p> <p>1.5.4.2 ұқсас мысалдар келтіру;</p> <p>1.5.7.1 негізгі жеке ақпаратты беру үшін жеке субъект және объект есімдігін пайдалану;</p> <p>1.5.7.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру</p>
	Менің үйімде	<p>1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды түсіну;</p> <p>1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру;</p> <p>1.1.9.1 әліпби әріптерін тану;</p> <p>1.2.1.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау;</p> <p>1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айту;</p> <p>1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту;</p> <p>1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау;</p>

		<p>1.5.3.1 адамдар мен заттарды сипаттау үшін негізгі сын есімдерді пайдалану;</p> <p>1.5.3.2 ұқсас мысалдар келтіру;</p> <p>1.5.11.1 қысқаша мәлімдеулерді және сұрақтар үшін has got / have got пайдалану;</p> <p>1.5.11.2 мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру;</p> <p>1.5.14.1 орналасқан жері мен жағдайының негізгі сөзалды қосымшаларын пайдалану, мысалы, in, at, next to, near, on, адамдар мен заттардың орналасқан жерін сипаттау үшін негізгі сөзалды шақ қосымшаларын пайдалану: on;</p> <p>1.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру</p>
	Аптаның күндері	<p>1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен жалпы есімдер мен географиялық атауларды түсіну;</p> <p>1.1.3.2 географиялық атауларды түсіну және мысал келтіру;</p> <p>1.2.1.1 сыныптағы заттарды, адамдарды, объектілерді әрекеттерді атау;</p> <p>1.2.1.2 өзі туралы жай фразаларды айту;</p> <p>1.2.3.1 таныс сөздер мен тіркестерді дәл және анық айту;</p> <p>1.2.3.2 жаттығуларды дербес орындау;</p> <p>1.3.1.1 әліпби әріптері мен дыбыстарын тану;</p> <p>1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен сұрақтар құрастыру;</p> <p>1.3.2.1 атаулар мен орындардың бастапқы әріптерін тану;</p> <p>1.5.14.1 адамдар мен заттарды сипаттау үшін орналасқан жері мен жағдайын сипаттау үшін негізгі сөзалды қосымшаларын пайдалану, мысалы, in, at, next to, near, on; негізгі шақ сөзалды қосымшаларын пайдалану: on;</p> <p>1.5.14.2 мұғалімнің көмегімен және ұқсас мысалдар келтіру</p>
